**plans.label.author**: Альдикенова Анар Альмухановна
**plans.label.category**: Қазақ тілі (Т1)
**plans.label.class**: 7-сынып
**plans.label.section**: Сүйіспеншілік пен достық
**plans.label.theme**: Дос таңдай білу

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 7.1.1.3. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу. |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар: Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді. Оқушылардың көбісі: Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, ақпарат бойынша көзқарас білдере алады. Кейбірі: Факті мен көзқарасты ажырата алады. |
| Тілдік мақсаттар: | Достық туралы өлең жолдарынан үзінді |
| Күтілетін нәтиже: | адал дос бола білу, сыйластық |
| Бағалау критерийлері: | Мәтін мазмұнын тыңдай отырып түсінеді, берілген ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажыратады . |
| Құндылықтарды дарыту: | Сыпайылық, сыйластық, адамгершілік |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | https://bilimland.kz/ru, слайд |
| Пәнаралық байланыс: | әдебиет, өзін-өзі тану |
| Бастапқы білім: | Достық дәнегі |

## plans.stages

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (7 минут) | Ұйымдастыру кезеңі<br>Амандасып, сыныпты түгендеу, психологиялық ахуал жасап, қима қағаздар арқылы сыныпты топқа бөлу.<br>1-топ. Айрылмастай досыңа қайрылмастай сөз айтпа.<br>2-топ. Дос болсаң берік бол, досыңа серік бол.<br>3-топ. Дос жылатып айтады, Дұшпан күлдіріп айтады. «Миға шабуыл» әдісі. Әр топ мақалдарыңның мағынасын ашыңыздар.<br>Қалай ойлайсыздар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы? Неге?<br>Сабақ мақсаты мен критерийі айтылады. Дос таңдай білеміз бе? Достарың бар ма? | |

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (15минут) | Адал дос пен амал дос туралы бейнефильм көрсету.<br>Мәтін кезеңі тапсырмалары.<br>1-топ. Берілген өлең жолдарын әрі қарай дамытып, қалай аяқталатынын болжап, класстерге түсіріңіздер.<br>2-топ. «Проблемамен саудаласу» әдісі арқылы ойын дамыту<br><br>«Мен түсіндім»«Мен былай аяқтар едім...»<br>«Мен түсінбедім, сен ше?»<br><br>3-топ. «Зерде» тәсілі арқылы өлең жолының дамуын болжау.<br>а)Тақырып бойынша алған ақпараттарым<br>ә)Көңіл күйіміз<br>б)Оқиғаның дамуы<br>в)Аяқталуы(3 сөйлем)<br>Топ бірін-бірі бағалайды | https://bilimland.kz/ru/subject/kazah-tili/8-synyp/dostyqtyng-mani?mid=7e881480-0145-11ea-ae4a-65531f612fa3 |
| Сабақтың соңы (5минут) | «Еркін микрофон» әдісі арқылы топтық тапсырма.<br>1-топ -Сіздердің топтарыңызға қандай мәтін берілді? -Басқа топтағы мәтінмен қандай байланыс бар? -Мәтіндеріңізді өмірмен байланыстырыңыздар!<br>2-топ -1-топтың мәтінінің мазмұны түсінікті болды ма? Басты назар неге аударылды? - Мен түсінбедім, сен ше? Дегенде нені түсінбеуіміз мүмкін? -Сендер осы өлең жолын қандай мақалмен аяқтар едіңдер?<br>3-топ. -Қай топтың қорғауы сендерге жақсы әсер етті, неге? - Үш мәтіннен қандай түйін шығаруға болады? - Қандай тілек тілер едіңіздер?<br>Екі жұлдыз бір тілек арқылы бағалау | Қима қағаз |
| Рефлексия (7минут) | «ҚҚС» әдісі арқылы<br><br>Мен үшін құндыМен үшін қиын болдыМенің сұрағым бар | |